

Тауарларға арналған декларацияны толтыру тәртібі туралы нұсқаулыққа № 4 қосымшаға өзгеріс енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 16 сәуірдегі № 66 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 105-бабының 5-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Қосымшаға сәйкес Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 мамырдағы № 257 шешімімен бекітілген Тауарларға арналған декларацияны толтыру тәртібі туралы нұсқаулыққа № 4 қосымшаға өзгеріс енгізілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

Т. Саркисян

Еуразиялық экономикалық
комиссия Кеңесінің
2019 жылғы 16 сәуірдегі
№ 66 шешіміне
ҚОСЫМША

Тауарларға арналған декларацияны толтыру тәртібі туралы нұсқаулыққа № 4 қосымшаға енгізілетін ӨЗГЕРІС

Мынадай мазмұндағы III бөліммен толықтырылсын:

"III. Беларусь Республикасында тауарларды кедендік декларациялау кезінде көрсетілуге жататын мәліметтер**

<p>4403 (4403 41 000 0, 4403 49-дан басқа)</p>	<p>өңделмеген ағаш материалдары</p>	<p>ағаш материалдарының атауы және сүрек түрлері (мысалы, қайың бөренесі, "Pinussylvestris L." кәдімгі қарағай баланстары)</p>
		<p>өңдеудің болуы (мысалы, қабығынан тазартылмаған, өңделмеген, қабығынан тазартылған)</p>
		<p>консервантпен өңдеудің болуы (мысалы, бояумен, улағыштармен, креозотпен немесе өзге де заттармен)</p>
		<p>ағаш материалдарының сорты</p>
		<p>ағаш материалдарының өлшемдері: :</p>
		<p>ағаш материалдарының номиналды ұзындығы</p>

		<p>аралауға ең көп әдіпті ескере отырып, ағаш материалдарының ұзындығы (м)</p> <p>жоғарғы жағында және төменгі жағында диаметр (қалыңдық) диапазоны</p> <p>номиналды ұзындығын ескере отырып және қабығын есепке алмай, келісімшартта көрсетілген ағаш материалдарының көлемі (м³)</p> <p>нақты ұзындығын ескере отырып және қабығын есепке ала отырып, ағаш материалдарының көлемі (м³)</p>
<p>4407 (4407 21, 4407 22, 4407 25, 4407 26, 4407 27, 4407 28, 4407 29-дан басқа)</p>	ағаш материалдары	<p>ағаш материалдарының атауы және сүрек түрлері</p> <p>өңдеу түрі (бойлай араланған немесе жарылған, сүргіленген немесе аршылған, жонылған немесе жонылмаған, тегістелген немесе тегістелмеген, тікенек қосылыстары бар немесе жоқ)</p> <p>ағаш материалдары сорты немесе сорттарының тобы</p> <p>номиналды өлшемдері (ұзындығы, ені, қалыңдығы) (мм)</p> <p>номиналды мөлшерден шекті ауытқулар (мм)</p> <p>кептіру шамасына арналған әдіптер (бар болса) (мм)</p> <p>номиналды мөлшерлерді ескере отырып, келісімшартта көрсетілген ағаш материалдарының көлемі (м³)</p> <p>шекті ауытқуларды және кептіруге арналған әдіптерді ескере отырып, ағаш материалдарының көлемі (м³)".</p>